ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 4 желтоқсан № 4360-25-00-2/2661 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Т.К.Жүсіпов,
сот отырысының хатшысы А.Үсенханқызының қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі карады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-аткару жүйесі комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-аткару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Мерген ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз катысушы деп тану туралы
2.тұраксыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.Пернебек
талап қоюшының өкілі А.Абжалиева
жауапкердің өкілі А.Тлеубергенов
аудармашы С.Сыдык

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

№ 1 және № 2 талаптар бойынша

2025 жылғы 28 маусымда тараптардың арасында электронды веб-порталы аркылы ерекше тәртіп колданылатын № 70 мемлекеттік сатып алу туралы шарт (әрі карай - шарт) жасалып, оған сай жауапкер 18 (он сегіз) дана соққыға карсы дулығаны талап қоюшыға жеткізу міндетін алған. Шарттың құны 1 170 000 тенгеге айқындалған.

Осы шарттың колданылу мерзімі аумактық казынашылық органында тіркелгеннен кейін күшіне енеді және 2025 жылғы 31 желтоксанға дейін колданылады. Шарт казынашылықтың аумактық органында 2025 жылғы 25 шілдеде тіркелген.

Шарттың орындалу мерзімі ол аумақтық қазынашылық органында тіркелгеннен кейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күннің ішінде белгіленген.

Яғни жауапкер 18 (он сегіз) дана соққыға қарсы дулығаны 2025 жылғы 9 қыркүйекке дейін жеткізуі тиіс болған.

Жауапкер 2025 жылғы 12 қыркүйекте, яғни жеткізу мерзімі өткеннен кейін 1 (бір) дана соққыға қарсы дулығаны талап қоюшыға жеткізіп, талап қоюшы оның шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкестігін тексеріп, 2025 жылғы 12 қыркүйектегі сәйкессіздік актісін түзген. Сәйкессіздік актісін түзуге дулығаны пайдалану жөніндегі нұсқаулық – паспорттың, соққыға қарсы дулығаның С санатына сәйкестік сертификаттары, аккредиттелген сынақ орталықтары (зертханалы) жүргізген сынақтар хаттамасы (түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмесі), корытпалар мен беттерге сапа (сәйкестік) сертификаттарының болмауы негіз болған.

Шарттың техникалық ерекшеліктеріне сәйкес соққыға қарсы дулыға қызметкердің басының төбе, қаракұс, маңдай және самай бөліктерін суық соққылардан, динамикалық әсерлерден қорғауды қамтамасыз етіп, МЕМСТ 34286-2017 бойынша соққы энергиясы 49_+1 Дж болатын С санатты (арнайы) қорғаныштық құрылым санатына және энергиясы 50 Дж дейін соққы жүктемелерінің таралуына сәйкес болуы керек. Дулыға МЕМСТ 34286-2017 (соның ішінде МЕМСТ 58464-2019) сәйкес – 40 С-тан + 40 дейінгі температурада өзінің қорғаныс және пайдалану сипаттамаларын сақтауы керек. Жеткізуші шарт күшіне енгеннен кейін тапсырыс берушімен 45 күнтізбелік күн ішінде дулыға үлгісін паспортпен пайдалану жөніндегі нұсқаулықпен келісуге және оған беруге міндетті: МЕМСТ 34286-2017 (соның ішінде МЕМСТ 58464-2019) бойынша міндетті түрде минус 40 градус температурада суық камерада кемінде 2 сағат бойы міндетті түрде сынап ұстау және жылу камерасында плюс 40 температурада кемінде 2 сағат сынап ұстау аркылы жүзеге асырылған сынақ хаттамалары, сәйкестік сертификаттар (түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмесі), бармица материалының отка төзімділігіне қатысты сынақ хаттамасының түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмесі.

2025 жылғы 9 қазанда шарт талаптары жауапкермен орындалмауына байланысты біржақты бұзылған.

Талап қоюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұраксыздық айыбын өндіру туралы талап қоюымен сотка жүгініп, шарт бойынша жауапкер міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 31 590 теңге көлемінде тұраксыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкердің талап коюға берген карсы пікіріне сәйкес ол талап қоюмен келіспей. Қытай Халық Республикасында орналаскан өндіруші зауытпен тауарды жеткізуге қатысты шарт жасалғанын, өндіруші зауыт Қазақстан Республикасына арнайы лицензия алу кажеттігін хабарлағанын, тауар зауытта дайын болғанымен, лицензия рәсімдеу ұзакка созылғанын, ол жөнінде 2025 жылғы 9 қазанда талап коюшыға хабарлама берілгенін, алайда

жауап алынбағанын, тұраксыздық айыбы төленгенін, құжаттары түгел екенін және тауарды толық жеткізуге дайын екенін көрсетіп, толық көлемде талап коюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сотта талап коюшының өкілі А.Абжалиева талап коюды қолдап, тауар тек 1 данада жеткізілип, оның өзі шарттың техникалық ерекшелігіне сәйкес болмағанын, міндеттеме орындалмағандықтан, шарт біржақты бұзылғанын көрсетіп, талап коюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі А.Тлеубергенов талап коюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрап, карсы пікірінде көрсетілген уәждерін қолдады.

Прокурор Э.Пернебек талап коюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№ 1 талап бойынша

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (әрі қарай - Заңның) 26-бабына сай осы Заңда көзделген біліктілік талаптарын белгілейтін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру рәсімдерін регламенттейтін нормаларды қоспағанда, ерекше тәртіп қолданылатын мемлекеттік сатып алу осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады. Ерекше тәртіп қолданылатын мемлекеттік сатып алу мыналарды: 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын болса, құқықтық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді; 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес олар туралы мәліметтер мемлекеттік құпияларды құрайтын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алған жағдайларда жүзеге асырылады.

Заңның 8-бабының 4-тармағының 4)-тармакшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін біліреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармакшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап коюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұраксыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК-нің) 272-бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 273-бабына сәйкес заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 277-бабының 1-тармағына сәйкес егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезені көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезен ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

АК-нің 403-бабының 1-тармағына сәйкес шартты бұзу кезінде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

Шарттын және техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес жауапкер сапасына әсер ететін сынактан өткізілген құжаттарымен бірге 18 (он сегіз) дана соққыға карсы дулығаны 2025 жылғы 9 қыркүйекке дейін толығымен жеткізуі тиіс болса да, техникалық ерекшелікте көрсетілген дулығаны пайдалану жөніндегі нұскаулық – паспортсыз, соққыға карсы дулығаның С санатына сәйкестік сертификаттарынсыз, аккредиттелген сынак орталыктары (зертханалы) жүргізген сынактар хаттамасынсыз (түпнұскасы немесе нотариалды расталған көшірмесі), корытпалар мен беттерге сапа (сәйкестік) сертификаттарысыз тек бір данасын жеткізген. Ол техникалық ерекшелікке сай болмағандыктан, 2025 жылғы 12 кыркүйекте сәйкессіздік актісі түзіліп, 2025 жылғы 17 кыркүйекте пошта байланыс құралымен акті жолданған және жауапкерге 2025 жылғы 22 кыркүйекте табысталған.

Шарттын 4.3. тармағына сәйкес егер тексеру кезінде жеткізілген тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (шартка 2-косымша) Көрсетілген талаптарға сәйкес келмейді деп танылса, өнім беруші, тапсырыс беруші тарапынан кандай да бір косымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 10 күн ішінде колданады.

Яғни жауапкер сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды 2025 жылы 22 кыркүйекке дейін, поштамен алғаннан кейін де 2025 жылғы 2 казанға дейін жойып, шарттын техникалық ерекшелігіне сәйкес келетін 18 (он сегіз) дана соққыға карсы дулығаны жеткізуі тиіс болған.

Шартта тауарды жеткізудің мерзімі әрі оған қойылатын талаптар нақты айқындалған. Сондай-ақ шарт біржақты бұзылған, бұл жағдайда АК-нің 403-бабының 1-тармағына сәйкес тараптардың міндеттемелері тоқтатылады және талап коюшы шарт бұзылғаннан кейін жеткізілген тауарларды кабылдай алмайды.

Сондықтан жауапкердің сотта іс каралып жаткан кезде тауарды толық көлемде жеткізуге дайын екені туралы уәждер негізсіз болып табылады, ол

шартта көзделген мерзімде және техникалық ерекшелігіне сәйкес жеткізілуі тиіс.

Сотта анықталғандай, талап коюшы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз катысушы деп тану туралы талап коюмен Заңда көзделген 30 (отыз) күндік мерзім ішінде сотка жүгінген. Яғни жауапкердің міндеттемені шарт бойынша орындау мерзімі 2025 жылғы 9 қыркүйекте аяқталған болса, сонымен бірге тауарды ауыстыру міндеті 2025 жылғы 2 қазанда аяқталған болса, сотка талап кою 2025 жылғы 7 қазанда – отыз күннің ішінде берілген.

Жауапкер міндеттемелерін тиісті түрде орындаған жоқ. Сот ерекше тәртіппен сатып алынып жатқан тауарлардың сапасына және уақытылы орындалуына жауапкер аса мән беруі тиіс еді деп санайды, себебі тауардың уақытылы жеткізілмеуі, сапалы болмауы талап коюшының қызметкерлеріне оқыс оқиға орын алған жағдайда өмірлері мен денсаулықтарына қауіп төндіруі мүмкін еді.

Сондықтан жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз катысушы деп танылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге көлемінде мемлекеттік баж сомасы өндірілуге жатады.

№ 2 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабына сәйкес борышкор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

2025 жылғы 30 қазанда жауапкер 31 590 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын төлеген және бұл мән-жай төлем тапсырмасымен бекітіледі.

Жауапкердің тұрақсыздық айыбын төлеуіне байланысты екінші мәрте тұрақсыздық айыбын өндіруге негіздер жоқ.

Сондықтан талап коюдың бұл бөлігі канағаттандырусыз калдыруға жатады.

КАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыкка алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

3

4

Талап коюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-аткару жүйесі комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-аткару жүйесі департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Мерген ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін

мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұраксыздық айыбын өндіру туралы талап коюы ішінара канағаттандырылсын.

Жауапкер «Мерген ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз катысушы деп танылсын.

Талап коюдың тұраксыздық айыбын өндіру бөлігі канағаттандырусыз калдырылсын.

Жауапкер «Мерген ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мын тоғыз жүз алпыс алты) тенге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхат ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына катыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазакстан Республикасының Азаматтық процестік колексінің 403, 404-баптарының талаптарын сактай отырып, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты аркылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алкасына беруі мүмкін.

Судья Т.Қ.Жүсіпов